



«Бекітемін»
Міржақып Дулатұлы атындағы
№63 ЖББОМЛІ директоры
Д.К. Қартпагамбетова

***Міржақып Дулатұлы атындағы №63 ЖББОМЛІ-нің
2022-2023 оқу жылына арналған тәрбие жұмысының жоспары***

Лицейдің тәрбие жұмысының проблемасы: Оқушыларды оқыту мен тәрбиелеудің жаңаша әдіс-тәсілдерінің тиімділігін арттыра отырып, заман талабына сай оқушының қарым-қатынас мәдениетінің және білім тәрбиесін өмірде пайдалана білу дағдысын қалыптастыру.

Мақсаты: Жаңартылған білім аясында педагогтардың кәсіби аясында педагогтардың кәсіби шеберлігін пайдалану арқылы оқушылардың қажеттілігін ескере отырып, өмірге бейімделулеріне ықпал ету және шынайы өмірге жеке тұлға ретінде дайындау.

Міндеттері:

- Жахандану қоғамында өмір сүруге қабілетті ұлттық құндылықтарды меңгерген азамат болып дамуына ықпал ету;
- Күнделікті оқушы мен мұғалім, оқушы мен оқушы арасындағы мәдени қарым-қатынасты арттыруға ықпал ету;
- Оқушылардың жас ерекшеліктері мен ерекше қабілеттерін ескере отырып, оқушылардың тәрбиелі, рухани сезімі мол, мейірімді, иманды, қайырымды, кешірімді тұлға болып қалыптасуына ықпал ету;
- Оқушының тәрбиелік деңгейін арттыруда мұғалім, ата-ана, оқушы арасындағы байланысты нығайту;
- Салауаттылыққа құштар болуға және ақпараттық технология мәдениетін қалыптастыруға ықпал ету;

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениетті тәрбиелеу

Мақсаты: әр адамның интеллектуалды мүмкіндіктерін, көшбасшылық қабілеті мен дарындылығын, сондай-ақ ақпараттық мәдениетінің дамуын қамтамасыз ететін мотивациялық кеңістікті қалыптастыру.

«Рухани Жаңғыру» бағдарламасының қоғамдық санасын жаңғыртудың барлық негізгі бағыттарын ескере отырып жүзеге асырылады.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салты

Мақсаты: салауатты өмір салты дағдыларын табысты қалыптастыру, дене және психологиялық денсаулықты сақтау, денсаулыққа зиян келтіретін факторларды анықтай білу үшін кеңістік құру.

Аталған бағытқа сәйкес «Рухани Жаңғыру» бағдарламасы аясында «Саналы азамат» базалық бағытын қарастыру қажет.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасын іске асыру жағдайларын білім беру ұйымдарындағы тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерінен күтілетін нәтижелері.

«Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша жас қазақстандықтарды тәрбиелеудің Тұжырымдамалық негіздері төмендегідей мәселелерді қамтамасыз етуі тиіс.